«Келісемін»
ҚР Оқу-ағарту министрлігі
Тәрбие жұмысы және қосымша
білім беру департаментінің директоры
_____ Ж. Игісінов
«___» _____ 2026 жыл

«Бекітемін»
«Балдәурен» РОСО» РМҚК
Бас директоры
_____ Е.Иманслям
«___» Қазан 2026 жыл

БИОЛОГИЯЛЫҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ереже «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында биологиялық-экологиялық бағыттағы ғылыми-зерттеу жобаларының Республикалық байқауын *(бұдан әрі – Байқау)* өткізудің жалпы қағидаттары мен тәртібін айқындайды.

Байқауды ұйымдастырушы – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен «Балдәурен» РОСО» РМҚК өткізеді.

Байқауға қатысушылар: 7-8 сынып оқушылары.

Қатысу түрі: жеке немесе топтық (екі қатысушыдан артық емес).

Өткізу форматы: қашықтықтан.

Жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

2. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Биология-экология бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жобалары республикалық Байқауының мақсаты – «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында оқушылардың биологиялық алуантүрлілікті зерттеу, экологиялық мәселелерді зерделеу және табиғатты қорғау мен қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жобаларды әзірлеу арқылы зерттеушілік қабілеттері мен экологиялық мәдениетін дамыту.

Байқаудың міндеттері:

оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту және ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту;

биология және экология саласындағы өзекті мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдарын ұсыну;

жас зерттеушілердің жобалық қызметін насихаттау және үздік жұмыстарды анықтау.

Министерство просвещения Республики Казахстан\Абектурумова С. С.

3. **БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

Байқау 2026 жылғы 3-25 қараша аралығында өткізіледі *(Байқауға қатысу тегін)*.

Байқау форматы – қашықтықтан, онлайн, ZOOM платформасы арқылы өткізіледі.

Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті *(бұдан әрі – Ұйымкомитеті)* және қазылар алқасы құрылады. Олардың құрамы мен жұмыс тәртібі «Балдәурен» РОСО» РМҚК бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

Ұйым комитетіне мынадай міндеттер жүктеледі:

Байқауды дайындау мен өткізуді жалпы басқару;

Өтініштер мен байқау материалдарын қабылдау және тіркеу;

Байқау туралы ақпараттық материалдарды әзірлеу және жариялау;

Zoom платформасында онлайн-қорғауды ұйымдастыру;

Қорытынды хаттаманы дайындау және Байқау нәтижелерін жариялау;

Байқау нәтижелерін шығару, жұмыстарды бағалау және жеңімпаздарды марапаттау міндеті қазылар алқасына жүктеледі.

Байқау II кезеңде өткізіледі:

I кезең *(іріктеу, сырттай)* – 2026 жылдың 3-15 қараша аралығында өтеді. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын қарап шығып, II кезеңге өтетін үздік жобаларды іріктейді. II кезеңге өткен қатысушылардың тізімі 2026 жылы 19 қарашада www.baldauren.kz сайтында жарияланады.

II кезең (қорытынды, онлайн) – 2026 жылғы 23-24 қараша аралығында өтеді. II кезеңге өткен қатысушылар өз жобаларын Zoom платформасында қашықтықтан қорғауға шақырылады. Жобаны қорғауға авторға (*немесе қос автор)* 7-8 минут уақыт беріледі.

Министерство просвещения Республики Казахстан Абекутлова С. С.

4. **БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТӘРТІБІ**

Байқауға қатысу үшін 2026 жылғы 15 қарашаға дейін келесі әрекеттерді орындау қажет:

Өтінім мен Байқау жұмысын талаптарға сай рәсімделген *(Қосымша 1)* baldauren.baiqau@mail.ru электронды поштасына жіберу.

Әр қатысушының жұмысы жеке хатпен жіберіледі, ал хаттың тақырыбында: «Аты-жөні, облысы /қала, мектеп» деп көрсетілуі тиіс.

Байқау жұмысы электронды форматта ұсынылуы керек және онда автордың, оқу орнының, жетекшінің толық деректері көрсетілуі қажет.

Байқауға 7-8 сынып оқушыларының төмендегі бағыттар бойынша орындалған жұмыстары қабылданады:

Биология:

«Генетика, селекция және биотехнологиялар»;

«Қазіргі биологиядағы жасанды интеллект»;

«Биология және адам денсаулығы».

Экология:

«Биоалуантүрлілікті қорғау: флора мен фаунаны сақтау»;

«Күнделікті өмір экологиясы: жауапты тұтыну және қалдықтарды басқару»;

« Экологиялық мәселелерді шешудегі жасанды интеллект».

Жұмыс өз бетінше орындалуы тиіс. Плагиатқа, дереккөздерге сілтемесіз алынған материалдарға жол берілмейді. Рұқсат етілетін мәтіндік сәйкестік деңгейі – 25%-дан аспауы керек. Плагиат анықталған жағдайда жұмыс Байқауға қатысудан шеттетіледі.

Байқау жұмысына ғылыми жетекшінің пікірі қоса беріледі, онда таңдалған тақырыптың өзектілігі мен автордың жеке үлесі көрсетілуі тиіс. Барлық кезеңдерде бұрын басқа байқауларға қатысқан жұмыстарды ұсынуға жол берілмейді.

Жоба форматына қойылатын талаптар:

1) Қаріп: Times New Roman;

2) Қаріп өлшемі: 14 Кегль;

3) Жол аралық интервал: 1,5;

4) Азат жол (абзац): 1,25 см;

5) Өрістер: жоғарғы, төменгі және оң жақ – 2 см; сол жақ – 3 см;

6) Беттерді нөмірлеу: беттің төменгі жағының ортасында. Титул беті нөмірленбеген; келесі бетте нөмірлеу 2-бет нөмірінен басталады.

Жұмыстың құрылымы келесіні қамтуы тиіс:

Титулды бет. Титулды бетте келесі ақпарат болуы тиіс: *(Қосымша 2)*

1) Білім беру мекемесінің толық атауы;

2) Жоба тақырыбы;

3) Зерттеу бағыты;

4) Автордың аты-жөні, сыныбы және мектебі (қала, аудан, облыс);

5) Ғылыми жетекшісі (тегі, аты-жөні, лауазымы және жұмыс орны);

6) Қала/ауыл, жұмысты орындаған жылы.

Мазмұны. «Мазмұны» бөлімінде зерттеу жобасының құрылымы мен бөлімдерінің атаулары рет-ретімен көрсетіледі.

Аннотация. Аннотация көлемі 150-300 сөзден тұруы керек.

Аннотацияның құрылымы мыналарды қамтуы қажет:

Мақсаты мен міндеттері;

Өзектілігі;

Зерттеу сұрақтары (гипотеза);

Әдістері, тәсілдері, кезеңдері;

Қорытындылар және нәтижелер.

Министерство просвещения Республики Казахстан\Абакумова С.С.

Кіріспе. «Кіріспе» бөлімінде тақырыптың өзектілігі ашылып, зерттелетін мәселенің маңыздылығы көрсетіледі және отандық, шетелдік әдебиеттерге қысқаша шолу беріледі.

Зерттеу бөлімі. Зерттеу бөліміне мыналар енгізіледі: тақырыпты таңдауды негіздеу, зерттеу материалдары мен әдістері, тәжірибелік бөлім, жұмыс нәтижелері және оларды талқылау.

Қосымша. «Қосымша» бөліміне келесі материалдар енгізіледі: көрнекі құралдар, фотосуреттер, диаграммалар, зерттеу күнделігі, бейне-сызбалар, суреттер немесе макеттер.

Қорытынды. «Қорытынды» бөлімінде зерттеу нәтижелері және олардан туындайтын ұсыныстар көрсетіледі.Қолданылған әдебиеттер тізімі.

Презентацияны рәсімдеу талаптары:

1) Титулды бетте мақаланың такырыбы көрсетілу керек;
2) Фон мен мәтіннің түсі айқын болу керек (мысалы, ақ фон - қара мәтін);
3) Презентация 8-10 слайдтан аспауы керек.
4) Слайдтарды дайындаған кезде келесілерді ескеру қажет:
5) Анимация эффектілерін шамадан тыс пайдалануға болмайды;
6) Қысқа, дәл сөздер мен сөйлемдерді қолдану;
7) Слайд атауларын анық көрсету;
8) Мазмұнын қысқа және ақпараттық етіп, қажетсіз ақпаратты қолданбау.
9) Зерттеу жұмысты қорғау барысында келесі материалдарды пайдалануға болады:

Көрнекі құралдар;
Фотосуреттер;
Диаграммалар;
Зерттеу күнделігі;
Бейне сызбалар;
Суреттер, макеттер және басқа да иллюстрациялық материалдар.

Оқушылардың зерттеу жұмыстары жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек.

Қорытынды *(финалдық)* қорғау 2026 жылғы 23-24 қарашада онлайн форматта өтеді. Қорғау кестесінің уақыты www.baldauren.kz сайтында жарияланады.

Қорғауға қосылу кезінде қатысушы өтінімде көрсетілген аты-жөнін пайдалануы керек және презентациясын экраннан көрсетуге дайын болуы қажет. Техникалық құрал-жабдық пен байланысқа жауапкершілік қатысушы мен жетекші педагогқа жүктеледі. Ұйымкомитетіне мерзімінен кеш түскен немесе талаптарға сай келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

5. БАҒАЛАУ, ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Байқау жұмыстары келесі критерийлер бойынша бағаланады:

1) Тақырыптың өзектілігі және ғылыми жаңашылдығы;
2) Мақсаттар мен міндеттердің айқындығы;

Министерство просвещения Республики Казахстан Ректуметова С.С.

3) Зерттеу логикасы;
4) Қолданылған әдістердің дұрыстығы;
5) Нәтижелердің практикалық маңызы мен қолданылу мүмкіндігі;
6) Жобаның сауаттылығы мен рәсімделуі;
7) Жобаны ұсыну және қорғау деңгейі.

Сонымен қатар, қатысушының ақпаратты тиімді пайдалану, ойларын нақты жеткізу, көрнекі материалдарды қолдану, сұрақтарға жауап беру және жеке пікірін көрсету қабілеттері де есепке алынады. Маңызды көрсеткіштерге жұмыстың жалпы құрылымы және этикалық талаптарға сәйкестігі жатады.

Қазылар алқасы Байқауға ұсынылған зерттеу жобаларын 100 балдық жүйесі бойынша бағалайды.

Бағалау барысында *(Қосымша 3)* критерийлер пайдаланылады.

Қазылар алқасының мүшелері критерий бойынша жеке бағалау парақтарын толтырады.

Ең жоғары балл жинаған қатысушылар Байқаудың жеңімпаздары болып танылады.

Байқаудың бағалау нәтижелері хаттамаға енгізіліп, Ұйымкомитетімен бекітіледі.

Жеңімпаздар әрбір Байқау бағыты бойынша анықталады. Байқаудың қорытынды кезеңіндегі жеңімпаздардың жалпы саны сол кезеңге өткен қатысушылардың жалпы санының 60%-ынан аспауы тиіс. Жеңімпаздар I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады. Гран-при иегерлеріне «Балдәурен» РОСО-на демалыс жолдамалары беріледі. Байқаудың қорытынды кезеңінің барлық қатысушыларына сертификаттар беріледі.

Байқау нәтижелері 2026 жылғы 25 қарашада www.baldauren.kz сайтында жарияланады.

Ұйымкомитеті мүшелерінің байланыс телефондары:
8-778-360-35-37
8-701-577-18-99
8-702-100-81-91

Министерство просвещения Республики Казахстан\Аблектуримова С.Г.

Қосымша 1

Биология-экология бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларына
арналған Республикалық қашықтық Байқауына
қатысу туралы

ӨТІНІМ

Қатысушының толық аты-жөні	
Зерттеу жобасы жетекшісінің толық аты-жөні	
Білім беру мекемесінің атауы	
Білім беру мекемесінің мекенжайы (облыс, қала, аудан)	
Сынып	
Байқау бағыты	
Зерттеу жобасының тақырыбы	
Жұмыс тілі	
Қатысушының телефон нөмірі	
E-mail	

«___» _____ 2026 ж. _____
(қолы)

Министерство просвещения Республики Казахстан\АБектурумова С. С.

Қосымша 2

Титулды бетінің толтыру үлгісі

Биология-экология бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларына арналған Республикалық қашықтық Байқауы

Министерство просвещения Республики Казахстан Бектурумова С. С.

Бағыты: Биология
«Генетика, селекция және биотехнологиялар»
Зерттеу жобасының тақырыбы

«_____»

Жобаның авторы:
Аскаров Асқар Аскарұлы,
Алматы облысы, Қонаев қаласы,
«Қонаев атындағы орта мектебі»
КММ, 7 сынып оқушысы

Ғылыми жетекшісі:
Ахметов Ахмет Ахметұлы,
«Қонаев атындағы орта мектебі»
КММ, биология/география мұғалімі

Қонаев қ. – 2026

Қосымша 3

Биология-экология бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу жобаларына арналған Республикалық қашықтық Байқауының
II кезеңін

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

№	Бағалау критерийі	Мазмұны	Ең жоғары балл
1	Мақсат пен міндеттердің нақтылығы, зерттеу логикасы	Жобаның мақсаттары мен міндеттері нақты және логикалық түрде тұжырымдалған; гипотеза нақты қойылған	10 балл
2	Тақырыптың өзектілігі және ғылыми жаңалығы	Зерттеу жұмысы ғылым мен қоғамның заманауи талаптарына сәйкес келеді, жаңа идеялар, әдістер мен нәтижелерді қамтиды	20 балл
3	Зерттеу әдістерінің дұрыстығы	Зерттеу әдістері Ереженің талаптарына сәйкес болуы тиіс, қолданылған әдістер жүйелі және ғылыми тұрғыдан негізделген, алынған деректер нақты	20 балл
4	Нәтижелердің практикалық маңыздылығы және қолданбалығы	Жоба нәтижелерін өмірде, білім беру мен тәжірибеде қолдану мүмкіндігі	10 балл
5	Жұмыстың мазмұнының сауаттылығы және рәсімделуі	Зерттеу жобасының құрылымы мен рәсімделуі Ереже талаптарына сәйкес; нәтижелер деректермен, талдаумен және салыстырумен негізделген	10 балл
6	Жобаны таныстыру және қорғау шеберлігі	Қатысушының материалды нақты, сенімді және түсінікті түрде ұсынуы; презентация сапасы, сөйлеу мәдениеті, уақыт тәртібін сақтау	20 балл
7	Сұрақтарға жауап беру және дербес көзқарас	Қазылар алқасының сұрақтарына сенімді әрі дәлелді жауап беру, өз пікірін қорғай білу	10 балл
Барлығы:			**100 балл**

Министерство просвещения Республики Казахстан\Абакгурумова С. С.

Бағалау шкаласы

Деңгей	Балл диапазоны
I	90–100
II	80–89
III	70–79